

Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 28/16 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 мамырдағы N 10/01 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 маусымда N 8-9-108 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 32/11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011.12.29 N 32/11 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 28/16 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде N 8-9-95 болып тіркелген, 2011 жылғы 7 қаңтардағы N 1 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған), Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы "Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 28/16 қаулысына өзгертулерді енгізу туралы" N 4/19 қаулысымен өзгертулер енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде N 8-9-103 болып тіркелген, 2011 жылғы 9 сәуірдегі N 14 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа
р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары
Әсем Айтжанқызы Жүніспековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

Е. Нашаров

әкімдігінің
мамырдағы
қаулысына

әкімдігінің
желтоқсандағы
қаулысына

[illegible]

[illegible]

[illegible]

Абай аудандық соты	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2
Абай аудандық әділет басқармасы	9	9	11	12	12	12	11	4	4	4	4	4
Абай аудандық N 2 соты	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
"Кредо" үкіметтік емес ұйымы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2
Абай аудандық ішкі істер басқармасы			5	5	5	5	5	5	5	5	5	5
Төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім						1	1	1	1	1	1	1
N 2 Абай аудандық қылмыстық-атқару инспекциясы						1	1	1				
Барлығы												